

1 бап. Жалпы ережелер

1.1. «БАНК «КАСПИЙСКИЙ» акционерлік қоғамы (бұдан ары – банк) «БАҒ «КАСПИЙСКИЙ» Жабық акционерлік қоғамының және «Каздорбанк» Ашық акционерлік қоғамының бірігуінің нәтижесінде құрылған. Банктің Жарғысын Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкестік келтіргенге дейін Банк әділет органдарында «Банк «Каспийский» Ашық акционерлік қоғамы ретінде тіркелген.

Банк көрсетілген банктердің барлық құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұраға болып табылады.

1.2. Банктің осы Жарғысы (бұдан ары – Жарғы) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік және құқықтық актілеріне сәйкес жасалған.

2 бап. Банктің атауы, атқарушы органының (Басқарма) орналасқан жері және қызметінің мерзімі

2.1. Банктің толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «БАНК «КАСПИЙСКИЙ» Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «БАНК «КАСПИЙСКИЙ»;
- ағылшын тілінде: «BANK «CASPIAN» Joint Stock Company.

Банктің қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «БАНК «КАСПИЙСКИЙ» АҚ;
- орыс тілінде: АО «БАНК «КАСПИЙСКИЙ»;
- ағылшын тілінде: «BANK «CASPIAN» JSC.

2.2. Банктің атауы, атқарушы органының (Басқарма) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Ә. Шәріпов көш., 90.

2.3. Банктің филиалдар мен есептік-кассалық бөлімдерінің желісі бар (бұдан ары - ЕКБ).

2.4. Банк қызметінің мерзімі шектеусіз.

3 бап. Банктің заңды мәртебесі

3.1. Банк заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңының, өкілетті органның лицензиясының, Банктің жарғысы мен ішкі ережелерінің негізінде жүзеге асырады.

Банктің ресми мәртебесі оны банк ретінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркетумен және өкілетті органның банктік операцияларды жүргізуге берген лицензиясының болуымен анықталады.

3.2. Банктің ұйымдастырушылық-құқықтық түрі – Қазақстан Республикасының банктік заңымен белгіленген ерекшеліктері еселке ала отырып құрылған және әрекет ететін акционерлік қоғам.

3.3. Банк мемлекет пен банктің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мемлекет банк пен оның акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Банк өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

3.4. Банк жекеленген мүлікке ие, дербес балансы, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде корреспонденциялық шоты, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі атауымен мөрі, сонымен бірге заңмен белгіленген тәртіпте тіркелген өзінің тауарлы белгісі (қызмет көрсету белгісі) бар; өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алады және жүзеге асырады; соттарда өндіріп алушы және жауапқ тартылушы болады, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

3.5. Банктік қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестіктің негізінде жүзеге асырылады.

4 бап. Банктің қызметінің мақсаты мен мәні

4.1. Банктің қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады:

- Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы қалыптастыруға және арқау қарайғы дамуына көмек көрсету;
- экономиканың түрлі салалары мен секторларының және әлеуметтік саланы қалыптасуы мен дамуына көмек жасайтын қаржылық қызметті жүзеге асыру;
- табыстарды алу және оларды акционерлердің мүдделеріне пайдалану;
- банктік қызметінің саласын халықаралық нормаларға, Қазақстан Республикасының стандарттары мен заңдарына сәйкес жүзеге асыру және кеңейту;

4.2. Көрсетілген мақсаттарына жету үшін Банк банктік және басқа да операцияларды өкілетті органның лицензиясына сәйкес жүзеге асырады.

4.3. Банк Қазақстан Республикасының заңымен рұқсат берілген басқа да қызметтің түрлерін Қазақстан Республикасының нормативтік және құқықтық актілерінің белгілеген тәртібімен және шарттарымен жүзеге асыруға құқылы.

5 бап. Банктік жарғылық капиталы мен мүлкі

5.1. Банкті құрған сәттегі жарғылық капиталы 1.299.950 (бір миллион екі жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз елу) дана, номиналдық құны 200,00 KZT (екі жүз теңге) жай атаулы акцияларға және 50.050 (елу мың елу) дана, номиналдық құны 200,00 KZT (екі жүз теңге) артықшылық берілген атаулы акцияларға бөлінген, 270.000.000,00 KZT (Екі жүз жетпіс миллион теңге) көлемінде құрылтайшылармен төленген.

Банктің жарғылық капиталы өкілетті органда Жарғыны тіркеген сәтінде 12.188.217 (он екі миллион жүз сексен сегіз мың екі жүз он жеті) дана жай атаулы акцияларға және 115.000 (жүз он бес мың) дана артықшылық берілген атаулы акцияларға бөлінген 5.947.397.992,00 KZT (бес миллиард тоғыз жүз қырық жеті миллион үш жүз тоқсан жеті мың тоғыз жүз тоқсан екі теңге) көлемінде құрылтайшылармен және акционерлермен төленген.

Банктің жарияланған акцияларының саны – 20.000.000 (жиырма миллион) дана акция олардың 19.500.000 (Он тоғыз миллион бес жүз мың) данасы жай акциялар және 500.000 (Бес жүз мың) дана, Қазақстан Республикасының заңымен және Жарғымен қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, Банкті басқаруға қатысу құқығынсыз артықшылық берілген акциялар.

5.2. Банктік жарғылық капиталын қалыптастыру мен көбейту Қазақстан Республикасының заңымен анықталған тәртіпте жүзеге асырылады.

5.3. Банктің өзі құратын филиалдарының, өкілдіктері мен ЕКБ-ның мүліктерін қоса алғандағы, мүлкі өзіне жеке меншік құқығымен тиесілі және мыналардың есебінен қалыптасады:

- Банктің жарғылық капиталды қалыптастыру барысында алған ақшаларынан;
- Банктің қызметінен түскен табыстардан;
- Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған мүліктерден және мүліктік құқықтардан.

6 бап. Банктің табыстары. Резервтік капитал және Банктің басқа да қорлары

6.1. Банктің өзінің қызметінің нәтижесінде алатын табыстары, салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлегенінен кейін Банктің меншігінде қалдырылады және Резервтік капиталды, банктің басқа да қорларын толықтыру үшін, акциялар бойынша дивидендтерді төлеуге, сонымен бірге, Банкті дамытуға немесе Қазақстан Республикасының заңына және Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған басқа да мақсаттарға бағытталады.

6.2. Банк құрады:

- Резервтік капиталды;
- Банктің тиімді қызмет атқаруы үшін қажетті басқа да мақсатты және арнаулы қорларды.

6.3. Резервтік капитал Қазақстан Республикасының заңында және өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі арқылы қаржылық жылдың қорытындылары бойынша, Банктік жай акциялар бойынша дивидендтерді төлегенге дейінгі таза табысының есебінген қалыптасады және Банктің шығындарын жабу үшін пайдаланылады.

6.4. Банктің Резервтік капиталының мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі арқылы анықталады және өкілетті органның белгілеген ең төменгі мөлшерінен аз бола алмайды.

6.5. Резервтік капиталды, басқа да мақсатты және арнаулы қорларды қалыптастыру мен пайдаланудың тәртібі акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген Банктің ішкі құжаттары арқылы анықталады. Бекітілген Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің қорларына иелік ету басқарманың құзыретіне кіреді.

6.6. Артықшылық берілген акцияларды қоспағанда, акционерлердің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жай көпшілік дауысымен дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, Банктің акциялары бойынша дивидендтер ақшамен немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтерді төлеуге, бұндай төлем акционердің жазбаша келісімі арқылы банктің жарияланған акцияларымен және оның шығарған облигацияларымен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.

6.7. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі, алдыңғы дивидендтерді төлеудің уақытына байланысты уақытша жасалуы керек.

6.8. Банктің акциялары бойынша (жай және артықшылық берілген) дивидендтерді төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

6.9. Банктің акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізіледі. ге

Төлем агентінің қызметіне ақы төлеу Банктің есебінен жүргізіледі.

6.10. Банктің өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялары бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

6.11. Банктің жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге жол берілмеді:

- 1) жеке капиталының теріс көлемі кезінде немесе Банктің жеке капиталы оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеуінің нәтижесінде теріс болатын болса;
- 2) егер де Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңына сәйкестөлем төлеуге немесе әрекет жасауға қабілетсіздік белгілеріне сай келсе не Банкте көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеуінің нәтижесінде пайда болса;
- 3) егер сот немесе Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

6.12. Дивидендтердің бір акцияға көлемі мен дивидендтерді төлеу туралы шешімді акционерлердің Жалпы жиналысы қабылдайды. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мерзімдерде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская Правда» газеттерінде жариялануы керек. Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мерзімдерде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская Правда» газеттерінде міндетті түрде жариялау арқылы, жылдың қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдауға құқылы.

6.13. Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Қазақстан Республикасының заңында анықталған мәліметтерді мазмұндауы керек. Банктің артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеу, Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайлардан басқа кезде, Банк органының шешімін талап етпейді.

6.14. Банктің артықшылық берілген бір акцияларына кепілдік берілген дивидендтің көлемі 21,00 KZT (жиырма бір теңге) сомасында белгіленеді.

Банктің артықшылық берілген бір акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің көлемі осы уақыттағы Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің көлемінен аз бола алмайды. Банктің артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу жүргізілмейді.

6.15. Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мерзімдерде, Банк «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская Правда» газеттерінде Банктің артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мәліметтер мазмұндалған ақпаратты жариялауға міндетті.

7 бап. Банктің акциялары мен басқа да бағалы қағаздары

7.1. Банк жай және артықшылық берілген акцияларды шығаруға құқылы. Банктің акциялары құжатсыз түрде шығарылады.

Акция бөлінбейді. Егер Банктің акциялары ортақ меншік құқығында бірнеше тұлғаларға тиесілі болса, олардың барлығы да бір акционер деп танылады және өздерінің ортақ екінің біріншісіне қатысты өзара бірлесіп құқықтарды пайдаланады. Бір түрдегі Банктің акциялары, егер Қазақстан Республикасының заңында басқаша белгіленбеген болса, өзін иеленген әрбір акционерге осы түрдегі акцияны иеленген басқа адамдармен бірдей құқықтардың көлемін ұсынады.

7.2. Акциялардың түрлері:

7.2.1. Банктің жай акциясы акционерге акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беруге енгізілген барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен қатысуға, Банкте таза табыс болған кезде дивидендтерді алуға, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте, Банк таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.

7.2.2. Акционерлер – Банктің артықшылық берілген акцияларының меншік иелері Банктің жай акцияларының меншік иелері акционерлерінің алдында дивидендтерді алдын ала анықталған кепілдік берілген көлемде алуда және Банк таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте мүліктің бір бөлігін алуда артықшылық құқығына ие.

Банктің артықшылық берілген акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспайды.

7.2.3. Банктің артықшылық берілген акциялары акционерге Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңымен анықталған жағдайлардан басқа кезде, Банкті басқаруға қатысуға құқық бермейді.

7.2.4. Банктің артықшылық берілген акциялары акционерге Банкті басқаруға қатысуға құқықты береді, егер:

1) Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі Банктің артықшылық берілген акцияларын иеленген акционерінің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастыратын болса. Бұндай мәселе бойынша шешім тек шектеуге Банктің артықшылық берілген акцияларының жалпы санынан үштен екісінен кем болмайтыны дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады.

2) Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті қайта құру не тарату туралы мәселені қарастыратын болса;

3) Банктің артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтер оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемінде төленбеген болса.

7.3. Банк Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша шығарылуының шарты мен тәртібі, тіркетуі, орналастыруы, айналдыруы мен өтелуі Қазақстан Республикасының заңымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға, сонымен бірге Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылықтың шегінде Банктің акцияларға еркін айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Банктің бағалы қағаздарының еркін айырбасталуының шарттары мен тәртібі Банктің еркін айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару проспектісімен анықталады.

Банктің шет елдік мемлекеттің заңына сәйкес тіркелген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарының ұйымдасқан нарығында, сонымен бірге шет елдік мемлекеттің аумағында айналымға жіберілген, шығарылуының шарты, айналдыруы мен өтелуі бағалы қағаздарды шығару проспектісімен анықталатын, еркін айырбасталатын немесе еркін айырбасталмайтын эмиссиялық бағалы қағаздарды өкілетті органның құқықтық актымен белгіленген тәртіпте шығаруды жүзеге асыруға құқылы.

7.4. Банк өзінің бастамасы бойынша акционердің кепілімі арқылы орналастырылған акцияларды кейінен сатып жіберу мақсатында сатып алуға, қайтадан бөлуге немесе Қазақстан Республикасының заңына қарама-қайшы келмейтін басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы.

Банк өзінің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы, егер Қазақстан Республикасының заңымен басқаша қарастырылмаған болса, Директорлар Кеңесінің шешімінің негізінде жүргізіледі.

7.5. Банк өзінің орналастырылған акцияларын Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайларда сатып алуға құқығы жоқ.

Егер Банктің өзінің бастамасы бойынша сатып алынатын орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санының бір пайызынан артық болатын болса, Банк акцияларды сатып алуды Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған тәртіпте жүзеге асырады.

Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алу туралы хабарламасы Қазақстан Республикасы заңында белгіленген мәліметтерді мазмұндауы және «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінде жариялануы керек.

7.6. Банк өзі орналастырған акцияларын акционердің талабы бойынша сатып алуға міндетті, бұл талап Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайларда қойылуы мүмкін.

7.7. Акцияны сатып алу тәртібі мен құнын анықтаудың әдісі Қазақстан Республикасы заңына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

7.8. Егер, Банктің өз акционерімен сатып алуға тапсырыс берілген (Банктің бастамасы бойынша немесе акционердің сұранысы бойынша Банктің орналастырған акцияларын сатып алған жағдайда) орналастырылған акцияларының саны Банкпен сатып алынуы мүмкін акциялардың санынан асып кететін болса, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына үйлесімді түрде сатып алынады.

7.9. Банктің сатып алатын орналастырылған акцияларының саны және Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуға кететін шығындар Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген мөлшерден асып кетпеуі керек.

7.10. Банктің сатып алған акциялары оның акционерлерінің жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беру кезінде қатыспайды.

7.11. Банктің ірі қатысушысының, банк холдингінің мәртебесін иеленудің, сонымен бірге Банктің дауыс беруші акцияларының отыз және одан да көп пайызын сатып алудың тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңымен анықталады.

7.12. Банктің бағалы қағаздары кепілдің нысаны болып табыла алады. Банк өзі орналастырған бағалы қағаздарын тек Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте ғана кепілге қабылдай алады.

Банкпен орналастырылған және онда кепілде болып табылатын бағалы қағаздар бойынша дауыс беру құқығы, егер Қазақстан Республикасының заңында басқаша белгіленбеген болса, акционерге тиесілі. Банк өзінде кепілде жатқан акциялары бойынша дауыс беруге құқығы жоқ.

7.13. Банктің қабылдайтын шешімдерін анықтауға құқық беретін акциялардың бақылаушы пакеті орналастырылған акциялардың елу пайызын және бір акцияны құрайды.

8. Банктің акционерлерінің құқығы мен міндеттері

8.1. Банктің акционерінің құқығы бар:



- 1) Қазақстан Республикасының заңында және Жарғыда қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңында және Жарғыда қарастырылған тәртіпте және шарттарымен дивидендтерді алуға;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысымен, Жарғымен және Банктің ішкі құжаттарымен анықталған тәртіпте Банктің қызметі туралы ақпаратты алуға, сонымен бірге Банктің қаржылық қызметімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік иесі құқығын бекітетін көшірмелерді алуға;
- 5) кейіннен оған енгізілетін өзгерістер мен қолдау хаттарын қоса алғанда, Жарғымен танысуға – Банктің көшірмені дайындауға, сонымен бірге оны акционерге жіберуге және жеткізуге жұмсаған шығынының құнын құрайтын төлемі үшін Жарғының көшірмесін алуға;
- 6) Банктің акционерлердің Жалпы жиналысына Банктің директорлар кеңесіне сайлануға үміткерді ұсынуға;
- 7) Банк органдарының қабылдаған шешімдерін соттық тәртіппен даулауға;
- 8) өзіне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз иеліктен шығаруға;
- 9) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сауалмен беруге және Банкке сауалдың келіп түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде, Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте дәлелденген дәйекті жауаптарды алуға;
- 10) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;
- 11) Банк акцияларын немесе оның акцияларына еркін айырбасталатын бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіпте артықшылықпен сатып алуға;

8.2. Ірі акционер сонымен бірге құқылы:

- 1) Банктің акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Банктің Директорлар кеңесі Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа шағым беруге;
- 2) Банктің Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- 3) Банктің Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өзінің есебінен аудиторлық ұйыммен Банкке аудит жүргізуді талап етуге.

8.3. Банктің акционері міндетті:

- 1) Банктің акцияларын төлеуге;
- 2) тіркеушіні және осы акционерге тиесілі акцияны номиналды ұстаушыға он күннің ішінде, Банктің акцияларын ұстаушыларының тізімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы хабардар етуге;
- 3) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
- 4) өкілетті органның талап етуі бойынша құрылтайшылық құжаттарын және Банктің ірі акционерін анықтау үшін қажетті басқа да ақпаратты ұсынуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңына сәйкес басқа да міндеттерді орындауға.

9 бап. Банкті басқару

9.1. Банктің органдары болып табылады:

- жоғарығы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы;
- басқару органы – Директорлар кеңесі;
- атқарушы орган – Басқарма;
- бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі.



10 бап. Банктің акционерлерінің Жалпы жиналысы

10.1. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің Жалпы жиналысы жылдықтан басқа кезектен тыс болып табылады.

10.2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуі керек. Көрсетілген мерзім Банктің аудитін есептік кезеңге аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

10.3. акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда қабылдау;
- 2) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
- 3) Банктің жарияланған акцияларының санын өзгертутуралы шешімді қабылдау;
- 4) Есептік комиссияның сапалық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар Кеңесінің сапалық құрамы мен өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақыларды төлеудің көлемі мен шарттарын анықтау;
- 6) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;
- 8) есептік қаржы жылына Банктің таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау және жыл қорытындысы бойынша дивидендтің көлемін Банк бір жай акциясына есептеп бекіту;
- 9) Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайлар туындаған кезде, Банктің жай және артықшылық берілген акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешімді қабылдау;
- 10) сомасы Банкке жататын барлық активтердің он және одан да көбін құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Банктің басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысу туралы шешімді қабылдау;
- 11) Банктің ірі мәмілені жасасуы туралы шешімді бекіту;
- 12) Банктің жасасуға мүдделі болып отырған мәмілесін жасасуы туралы шешімді бекіту;
- 13) Банктің жеке капиталының мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің міндеттемесін көбейту туралы шешімді қабылдау;
- 14) Банктің акционерлерді акционерлердің Жалпы жиналысын шақыруы туралы хабарлама беруінің түрін анықтау және мұндай хабарламаны баспасөз бетінде орналастыру туралы шешімді қабылдау;
- 15) акцияларды Банктің оларды сатып алуы кезіндегі құнын анықтаудың әдістемесін, Қазақстан Республикасының збағалы қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес бекіту;
- 16) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 17) Жарғыға сәйкес, акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне енетін мәселелер бойынша Банктің ішкі құжаттарын бекіту;
- 18) Банктің лауазымды тұлғасының үстінен оның кінәсінен Банкке келтірілген шығындарды өтеуі үшін сотқа шағымдану туралы шешімді қабылдау;
- 19) саны Банктің жалпы орналастырған акцияларының жалпы санының бір және одан да көп пайызын құрайтын Банк акцияларының опциондарын Банктің бекітуіне рұқсат беру;
- 20) Қазақстан Республикасының заңымен және Жарғымен шешімі қабылдануы акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

10.4. Жарғының 10.3 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша және Директорлар Кеңесінің сапалық құрамын анықтау туралы мәселе бойынша

10.11. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар Кеңесімен құрылады және талқылауға ұсынылатын нақты қалыптастырылған мәселелердің тізімін мазмұндауы керек.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі ірі акционермен немесе Директорлар Кеңесімен толықтырылуы мүмкін, Банктің акционерлері бұндай толықтырулар туралы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге он бес күн қалғаннан кешіктірілмей хабардар болуы шарт.

10.12. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін Банктің акцияларын ұсатушылардың тізімінің деректерінің негізінде Банктің тіркеушісі жсайды. Көрсетілген тізімді жасаудың уақыты акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдаған уақыттан бұрын белгілене алмайды.

Егер, тізімді жасағаннан кейін, акционерлердің тізіміне енгізілген, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беруші акцияларын иеліктен шығарса акционерлердің Жалпы жиналысына қатысудың құқығы жаңа акционерге өтеді. Сонымен бірге, акцияға меншік иесінің құқығын бекітетін құжаттар құрастырылуы керек.

10.13. Акционерлер алда болатын акционерлердің Жалпы жиналысының (сондай-ақ, сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында да) өтетіні туралы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін уақытқа қырық бес күн қалғаннан кешіктірмей хабардар болуы керек.

10.14. Акционерлердің Жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарлама және «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінде жариялануы және (немесе) акционерге жазбаша мәлімдемені жіберу арқылы оған белгілі болуы керек.

Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының өтетіні туралы хабарлама тізімі Қазақстан Республикасының заңымен анықталатын мәліметтерді мазмұндауы керек.

10.15. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу бастапқы (өтпеген) акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген күннен кейінгі келесі күннен бұрын тағайындала алмайды.

Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы өтпеген акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге белгіленген орында өткізіледі. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі өтпеген акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы керек.

10.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысқа ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен жүзеге асырылады. Күн тәртібіне егер оған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған және жиынтығы Банктің дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайызынан кем болмайтынға ие көпшілік акционерлер (немесе олардың өкілдері) дауыс берсе өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешімді қабылдаған кезінде акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертіле және (немесе) толықтырыла алмайды.

10.17. Акционерлердің Жалпы жиналысының оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және сол бойынша шешімді қабылдауға құқығы жоқ.

10.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті

көлемдегі ақпаратты мазмұндауы керек. Күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдардағы міндетті ақпараттардың тізімі Қазақстан Республикасының заңымен анықталады. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін күнге он күн қалғаннан кешіктірілмей акционерлердің танысуы үшін дайын болуы керек.

10.19. Акционерлердің Жалпы жиналысы егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу уақытының соңында оған қатысу үшін акционерлер немесе акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері, сонымен бірге Жарғының 10.12. тармағына сай жиынтығы Банктың дауыс беруші акцияларының елу және одан да көп пайызынан кем болмайтында не тұлғадан акцияларды сатып алған тұлғалар тіркелген болса, күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімді қарастыруға және қабылдауға құқылы.

10.20. Өткізілмегеннің орнына өтетін Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы, күн тәртібінің мәселелерін қарастыруға және ол бойынша шешімді қабылдауға құқылы, егер:

- 1) кворумның болмауына байланысты өткізілмеген акционерлердің Жалпы жиналысының шақырылу тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталу сәтінде оған қатысу үшін Банктың дауыс беруші акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер, сонымен бірге сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелген болса.

10.21. Акционер сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жіберген жағдайда, көрсетілген бюллетендерде ұсынылған және Банкпен акционерлердің Жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеу сәтінде алынған дауыстар кворумды анықтаған кезде және дауыс берудің қорытындыларын шығарған кезде есепке алынады.

Сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізген кезде кворум болмаған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы қайтадан жүргізілмейді.

10.22. Санау комиссиясы акционерлердің Жалпы жиналысында Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сайланады. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Санау комиссиясының қызметі Банктің тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Санау комиссиясының сапалық құрамы мен өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңымен және акционерлердің Жалпы жиналысымен бекітілген Банктің ішкі Ережесімен анықталады.

10.23. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңына, Жарғыға және Банктың ішкі қызметін реттейтін Банктың басқа құжаттарына сәйкес не тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

10.24. Акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлер, сонымен бірге Директорлар Кеңесімен немесе Банктың басқармасымен шақырылған тұлғалар қатыса алады. Сонымен бірге көрсетілген шақырылған тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысында қатысуға құқығы бар.

10.25. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысында қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

10.26. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде бірдей үлгідегі бюллетендер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін күнге не акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен сырттай дауыс беру үшін дауыстарды

санау күніне қырық бес күн қалғаннан кешіктірілмей жіберіледі (таратылады). Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен сырттай дауыс беру кезінде, Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайларда Банк «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская Правда» газеттерінде акционерлердің Жалпы жиналысында сырттай дауыс берудің бюллетенін акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге жариялауға міндетті.

10.27. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сай мәліметтерді мазмұндауы және ресімделуі тиісті.

10.28. Егер, бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетенді жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені акционерлердің Жалпы жиналысының кворуммен анықтаған және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санаған кезде есепке алынбайды.

Дауыс беруге Банспен акционерлердің Жалпы жиналысының қатысушыларын тіркеген сәтінде не акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен шешімді қабылдағандағы дауыс берулерді санау уақытына алынған бюллетендер қатысады.

Сырттай дауыс беру түрінде қабылданатын шешімдер акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге қажетті кворум сақталған кезде қолданыста болып табылады.

10.29. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты туралы мағлұмат көрсетілуімен, акционер – жеке тұлға арқылы қол қойылуы керек.

Акционер – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы арқылы қол қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы керек.

Акционер – жеке тұлғаның не акционер – заңды тұлғаның басшысының қол қойылмаған, сонымен бірге заңды тұлғаның мөрінің біз бюллетень заңсыз болып саналады. Дауыстарды санау кезінде акционерлердің бюллетендегі анықталған тәртібін сақтаған және дауыс берудің нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке алынады.

10.30. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасымен жүзеге асырылады, тек мына жағдайлардан басқа кездерде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңында қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың ең көп санының шектеулері;
- 2) Директорлар Кеңесін сайлау кезіндегі аралас дауыс беру;
- 3) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің тәртіптік мәселелері бойынша бір дауыстан ұсыну.

10.31. Аралас дауыс беру кезінде акционер Директорлар Кеңесіне мүшелікке бір үміткерге толықтай дауысын беруі немесе оларды бірнеше Директорлар Кеңесінің мүшелігіне үміткерге бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс алған үміткерлер Директорлар Кеңесіне сайланған болып саналады.

Егер, іштей тәртіпте өтіп жатқан акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асатын болса, бұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (бұдан ары – іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетендер) дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асатын әрбір жеке мәселе бойынша құрастырылуы керек. Сонымен бірге іштей құпия дауыс беруге арналған бюллетень Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңына сай мәліметтерді мазмұндауы және ресімделуі керек.

Іштей кұпия дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстарды санау кезінде бюллетендегі анықталған тәртібін сақтаған және дауыс берудің нұсқаларының бірі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есепке атынады.

10.32. Дауыс берудің қорытындылары бойынша Есептеу комиссиясы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қол қояды. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысымен байланысуға жатады.

10.33. Дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жария етілетін дауыс берудің қорытындылары. Акционерлердің Жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері «Егемен Қазақстан» мен «Қазақстанская Правда» газеттерінде жариялау арқылы немесе акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарламаны жіберу арқылы акционерлерге мәлім етіледі.

10.34. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде жасалуы және қол қойылуы керек. Хаттамада көрсетілетін міндетті мағлұматтардың тізімі және оған қол қоюдың тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен анықталады.

10.35. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындыларының хаттамасымен, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беру құқығына берілген сенімхатпен, сонымен бірге хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тартуының себептерін жазбаша түсіндірмелерімен бірге тігіледі. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

11 бап. Банктің Директорлар Кеңесі

11.1. Директорлар Кеңесі – Қазақстан Республикасы заңымен және Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган.

11.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысы шақыру туралы шешімді қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың санының шегінде Банк акцияларын орналастыру және оларды орналастырудың бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешімді қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;
- 6) облигацияларды (сонымен бірге халықаралық та), өндірістік бағалы қағаздарды, еркін айырбасталатын бағалы қағаздарды және Қазақстан Республикасының заңының талаптарын есепке ала отырып шет елдік мемлекеттің заңына сәйкес тіркелген мемлекеттік емес эмиссиялы бағалы қағаздарды шығарудың шарттарын анықтау;
- 7) Басқарманың сапалық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен Басқарманың мүшелерін сайлау, сонымен бірге олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Төраға мен Басқарманың мүшелерінің лауазымдық жалақыларының көлемі мен еңбегін төлеудің шарттарын және сыйақы төлеуді анықтау;



- 9) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметіне төлем төлеудің көлемін анықтау;
- 10) Банктің Резервтік капиталын пайдаланудың тәртібін анықтау;
- 11) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарманың қабылдайтын, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңымен және Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа);
- 12) Қазақстан Республикасының аумағында да, сонымен бірге оның аумағынан тыс жерлерде де филиалдар мен өкілдіктерді, Қазақстан Республикасының аумағында ЕҚБ құру және жабу туралы шешімді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 13) Банктің басқа ұйымдарды құруы мен қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының аумағында да, сонымен бірге оның аумағынан тыс жерлерде де еншілес банкілерді құру, иелену және жабу туралы шешімді қабылдау;
- 15) ірі мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау;
- 16) бұрынғы тіркешімен келісім-шартты бұзған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;
- 17) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпараттарды анықтау;
- 18) Банк мүдделілік танытып отырған мәмілелерді бекіту туралы шешімді қабылдау;
- 19) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру;
- 20) Банктің таза табысын, Резервтік капиталды және Банктің басқа да қорларын пайдаланудың тәртібін анықтау;
- 21) ішкі аудит (бақылау) қызметінің жұмысын, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің еңбек ақысын төлемінің көлемі мен шарттарын және сыйақыларды төлеудің тәртібін анықтау;
- 22) Банкпен ерекше қатынастағы тұлғамен байланысқан тұлғамен мәміле жасасу туралы шешімді қабылдау;
- 23) Банктің бухгалтерлік есебінің саясатын анықтау;
- 24) Қазақстан Республикасының заңымен, Банктің Жарғысымен және «Директорлар кеңесі туралы» Ережемен қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

11.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешуі үшін беріле алмайды.

11.4. Директорлар кеңесі Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімді қабылдауға, сонымен бірге Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімді қабылдауға құқығы жоқ.

11.5. Тек жеке тұлғалар ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

11.6. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

- 1) акционерлер – жеке тұлғалардан;
- 2) акционерлердің мүдделерін ұсынушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалардан;
- 3) басқа тұлғалардан (Қазақстан Республикасының заңымен және Банк Жарғысымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып).

Директорлар кеңесі мүшелерінің отыз пайыздан кем емесі тәуелсіз директорлар болуы керек.

11.7. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау аралас дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялармен толықтай бір үміткерге дауысын беруге немесе Директорлар кеңесі мүшелеріне бірнеше үміткерлердің арасында бөлуіне құқығы бар. Ең көп дауыс жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Егер екі

және одан да көп Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткер бірдей дауыс санын алғанда, осы үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.

11.8. Директорлар кеңесі мүшелігіне Банк акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің мүддесін ұсынушы ретінде сайлануға ұсынылмаған тұлға сайлана алады. Бұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аса алмайды.

Басқарма Төрағасынан басқа Басқарманың мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағалығына сайлана алмайды.

11.9. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны бес адамды құрайды.

11.10. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңымен басқаша қарастырылмаған болса, шектеусіз түрде бірнеше рет сайлана алады.

11.11. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігінің мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

11.12. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесі барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар етуінің негізінде жүзеге асырылады.

11.13. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық немесе құпия түрде дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесі кез-келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

11.14. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сонымен бірге Жарғымен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

11.15. Банктің Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесінің Төрағасымен оның немесе Басқарманың бастамасы бойынша, не Директорлар кеңесі мүшелерінің кез-келгенінің, Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымның, ірі акционердің, Банктің ішкі аудитінің (бақылау) қызметінің талабы бойынша шақырылады. Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру мен өткізудің тәртібі Акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен «Директорлар кеңесі туралы» Ережемен анықталады.

11.16. Банктің Директорлар кеңесінің шешімі іштей, сырттай, не аралас дауыс беру арқылы қабылданады.

11.17. Отырыстың күн тәртібіндегі материалдар қосымша ұсынылған Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Директорлар кеңесі мүшелеріне отырыстың өткізу уақытына бір күн қалғанда шешімдерін жасау үшін көрсетіледі.

11.18. Жарғының 11.2. тармағының 3), 7) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қарастыруды қоспағанда, отырыста Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем

болмайтынын қатысып отырғаны Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кворумы болып саналады.

Басқарманың Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қоспағанда, Жарғының 11.2. тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәселені және Басқарманың сапалық құрамы, өкілеттігінің мерзімі, Басқарманың мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау бойынша мәселелерді қарастыру үшін отырыста Директорлар кеңесі мүшелерінің $\frac{3}{4}$ -нен кем болмайтынын қатысып отырғаны Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кворумы болып саналады.

Басқарманың Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені қарастыру үшін отырыста Директорлар кеңесі мүшелерінің барлығының қатысып отырғаны Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кворумы болып саналады.

